

**"Астана қаласында жылыту маусымына дайындық және оны өткізу қағидасы туралы"
Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы № 249/36-V шешіміне
өзгеріс енгізу туралы**

Астана қаласы мәслихатының 2018 жылғы 23 тамыздағы № 297/36-VI шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2018 жылғы 11 қыркүйекте № 2-1-1 болып тіркелді "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Астана қаласында жылыту маусымына дайындық және оны өткізу қағидасы туралы" Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы № 249/36-V шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 829 болып тіркелген, 2014 жылғы 16 тамызында "Астана ақшамы", "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Астана қаласында жылыту маусымына дайындық және оны өткізу қағидасында:

1-тарауда:

1-тармақта ", Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді бекіту туралы" 2000 жылғы 7 желтоқсандағы № 1822 қаулысына" деген сөздер мен сандар алынып тасталсын.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Астана қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы
Астана қаласы мәслихатының хатшысы*

*И. Мещеряков
Ж. Нұрпейісов*